



**МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ ЖӘНЕ БАСТАУЫШ БІЛІМ
БЕРУДІҢ АРАСЫНДАҒЫ САБАҚТАСТЫҚ**

ТӨРБИЕШІЛЕР МЕН АТА-АНАЛАРҒА АРНАЛҒАН КЕҢЕСТЕР

КӨРСЕТУ

ТҮСІНДІРУ

БІРГЕ ОРЫНДАУ

Ерте жастағы балалардың негізгі біліктері мен дағдылары (1 жас)

ДЕНЕ ТӨРБИЕСІ



- Ересектердің көрсетуі бойынша қимылдарды қайталайды



- Тура жүре алады

ТІЛ ДАМУ



- Жеке сөздерді түсінеді, қайталап айтады



- Кітаптардағы иллюстрацияларды, суреттерді қарайды



- Таныс кейіпкерлерді көрсетеді

МАТЕМАТИКА НЕГІЗДЕРІ



- Ересектердің көмегімен пирамида жинайды



- Пішінге сәйкес заттарды (дөңгелек, шаршы) таңдайды

ҚОРШАҒАН ОРТАМЕН ТАНЫСТЫРУ



- Фотосуреттерден өзін таниды



- Эмоцияларын білдіреді



- Ойындардағы қимылдарды қайталайды

ҚАУІПСІЗДІК НЕГІЗДЕРІ



- «Болады», «болмайды», «қауіпті» деген сөздерді түсінеді



- Қауіпсіз мінез-құлықтың қарапайым ережелерін түсінеді

ТӘРБИЕШІЛЕР МЕН АТА-АНАЛАРҒА АРНАЛҒАН КЕҢЕСТЕР

КӨРСЕТУ

ТҮСІНДІРУ

БІРГЕ ОРЫНДАУ

Кіші жастағы балалардың негізгі біліктері мен дағдылары (2 жас)

ДЕНЕ ТӘРБИЕСІ



- Шеңбер бойымен жүреді

СӨЙЛЕУДІ ДАМУ



- Ойыншықтарды, киімдерді, жемістерді және т.б. атайды.



- Кейіпкерлердің әрекеттерін (қимылдарын) бейнелеп ойнайды

МАТЕМАТИКА НЕГІЗДЕРІ



- Әр түрлі көлемдегі геометриялық пішіндерді байланыстырады және таңдайды



- Заттарды түсі, көлемі, пішіні бойынша салыстырады

ҚОРШАҒАН ОРТАМЕН ТАНЫСТЫРУ



- Өзін айнадан, фотосуреттерден және өзіне жақын ересектерді, ата-анасын таниды



- Көкөністер мен жемістердің бірнеше түрін ажыратады



- Басқа балалармен ойнайды

ҚАУІПСІЗДІК НЕГІЗДЕРІ



- Өзі тұратын үй мен пәтерді, көлік құралдарының кейбір түрлерін біледі

ТӨРБИЕШІЛЕР МЕН АТА-АНАЛАРҒА АРНАЛҒАН КЕҢЕСТЕР

КӨРСЕТУ

ТҮСІНДІРУ

БІРГЕ ОРЫНДАУ

Орта жастағы балалардың негізгі біліктері мен дағдылары (3 жас)

ДЕНЕ ТӨРБИЕСІ



- Қол ұстасып, жартылай отырып, заттарды айналып жүреді



- Өр түрлі бағытта жүгіреді



- Биіктіктен және ұзындыққа секіреді

СӨЙЛЕУДІ ДАМУ



- Естігендері, көргендері, істегендері туралы айтады



- Иллюстрацияларды, суреттерді қарастырады, көргендері бойынша өз ойларын айтады



- Ересектермен бірге ертегілердегі қарапайым көріністерді бейнелеп ойнайды

МАТЕМАТИКА НЕГІЗДЕРІ



- «Бір», «көп» ұғымдарын ажыратады



- Қоршаған ортада бірдей заттарды табады



- Геометриялық пішіндерді біледі және көрсетеді



- Кеңістікте өзіне қатысты бағыттарды анықтайды

ҚОРШАҒАН ОРТАМЕН ТАНЫСТЫРУ



- Рөлдік ойындарда отбасы мүшелерінің рөлдерін ойнайды



- Өз бетінше киінеді, жуынады, тістерін тазалайды



- Амандасады, қоштасады, көмек үшін алғыс білдіреді

ҚАУІПСІЗДІК НЕГІЗДЕРІ



- Топта, табиғатта серуендеу кезінде қауіпсіз мінез-құлық ережелерін сақтайды

ТӘРБИЕШІЛЕР МЕН АТА-АНАЛАРҒА АРНАЛҒАН КЕҢЕСТЕР

КӨРСЕТУ

ТҮСІНДІРУ

ӨЗ БЕТІНШЕ ОРЫНДАУҒА МҮМКІНДІК БЕРУ

Ересек жастағы балалардың негізгі біліктері мен дағдылары (4 жас)

ДЕНЕ ТӘРБИЕСІ



➤ Өкшесімен жүреді



➤ Өр түрлі тапсырмаларды орындап жүгіреді



➤ Алға қарай екі аяқпен секіреді

СӨЙЛЕУДІ ДАМУ



➤ Шығармалардың, ертегілердің үзінділерін қайталап айтады



➤ Өлеңдерді мәнерлеп, жатқа айтады

МАТЕМАТИКА НЕГІЗДЕРІ

➤ 5-ке дейін санайды, сандарды ретімен атайды



➤ Өр түрлі мөлшердегі 2-3 затты (ұзындығы, биіктігі, ені, қалыңдығы бойынша) өсу және кему ретімен орналастырады

➤ Геометриялық пішіндер мен денелерді ажыратады



➤ Кеңістікте өзіне қатысты бағыттарды анықтайды

ҚОРШАҒАН ОРТАМЕН ТАНЫСТЫРУ

➤ Мемлекеттік рәміздерді біледі: Ту, Елтаңба, Әнұран



➤ Бақылау күнтізбесіндегі ауа-райының жай-күйін анықтайды



➤ Қарапайым эксперимент жүргізеді

ҚАУІПСІЗДІК НЕГІЗДЕРІ



➤ Кезекшінің міндеттерін өз бетімен орындайды



➤ Жол қозғалысы ережелерін, қоршаған ортадағы мінез-құлық ережелерін біледі

ТӘРБИЕШІЛЕР МЕН АТА-АНАЛАРҒА АРНАЛҒАН КЕҢЕСТЕР

КӨРСЕТУ

ТҮСІНДІРУ

ӨЗ БЕТІҢІЗШЕ ОРЫНДАУҒА МҮМКІНДІК БЕРУ

Мектепалды топ/сынып балаларының негізгі біліктері мен дағдылары (5 жас)


ДЕНЕ ТӘРБИЕСІ

➤ Заттардың арасымен жүреді



➤ Заттардың арасымен үздіксіз жүгіреді

➤ Заттардың арасында еңбектеп жүреді



➤ Заттардың арасымен секіреді, жіптерден, сызықтардан секіреді

СӨЙЛЕУДІ ДАМУ



➤ Қаламды/қарындашты дұрыс ұстайды, штрих жүргізеді, контурдан шықпай, дайын сызбаларды сызады



➤ Өр түрлі сызықтардың суретін салады



➤ Өзі және өзінің отбасы жөнінде әңгімелейді

МАТЕМАТИКА НЕГІЗДЕРІ

➤ 10-ға дейін тура және кері санайды



➤ Заттардың ұзындығын, биіктігін, енін және қалыңдығын анықтайды



➤ Пазлдарды жинайды, логикаға арналған ойын тапсырмаларын орындайды



➤ Заттарды түсі, пішіні, өлшемі, материалы бойынша салыстырады,



➤ Геометриялық пішіндерді - шеңберді, сопақты, үшбұрышты, шаршыны, тіктөртбұрышты көрсетеді

ҚОРШАҒАН ОРТАМЕН ТАНЫСТЫРУ



➤ Мемлекеттік рәміздерді біледі




➤ Арнайы көлік құралдарын, үй жануарларын біледі



➤ Топта және балабақша учаскесінде кезекшінің міндеттері бойынша тапсырмаларды орындайды

ҚАУІПСІЗДІК НЕГІЗДЕРІ




➤ Жол қозғалысы ережелерін, қоршаған әлемдегі, табиғаттағы мінез-құлық ережелерін, ұялы телефонды, смартфонды, компьютерді, интернетті, теледидарды қауіпсіз пайдалану ережелерін біледі



➤ Үй-жайда, балабақша учаскесінде, жақын маңдағы шағын ауданда еркін бағдарланады

1 сыныпқа барғанға дейін ҚҰЗЫРЕТТІЛІКТІ АРТТЫРУ

ФИЗИКАЛЫҚ ДАМУ



ФИЗИКАЛЫҚ ТӘРБИЕ



- ✓ Ересектердің көрсетуі бойынша қимылдарды қайталайды
- ✓ Тамақ ішеді, ересектердің көмегімен өзіне-өзі қызмет көрсету дағдыларына ие

- ✓ Жүреді, жүгіреді, ересектердің көмегімен биікке көтеріледі және түседі
- ✓ Тамақ ішеді, ересектердің бақылауымен өзіне-өзі қызмет көрсету дағдыларына ие
- ✓ Ересектердің бақылауымен ойын әрекеттерін орындайды

- ✓ Ересектердің сүйемелдеуімен жүгіреді, өрмелеудің, секірудің бастапқы дағдыларын меңгерген
- ✓ Ересектердің көмегімен тамақтанады, өзіне-өзі қызмет көрсету дағдыларына ие
- ✓ Ересектермен бірлескен ойындарға (қимылды, сюжетті-рөлдік) қатысады

- ✓ Негізгі қимыл түрлерін орындау дағдыларын меңгерген
- ✓ Гигиеналық шараларды өз бетінше орындайды, өзіне-өзі қызмет көрсету дағдыларын ие
- ✓ Қимылды, сюжетті-рөлдік және ұлттық ойындарда өз бетінше рөлді орындайды, ойын ережелерін сақтайды

- ✓ Негізгі қимыл түрлерін (жүру, жүгіру, секіру, лақтыру, өрмелеу, еңбектеу, тепе-теңдікті сақтау) меңгерген
- ✓ Тамақтану әдебін сақтайды, өзіне-өзі қызмет көрсету дағдыларын меңгерген
- ✓ Құрдастарымен қимылды ойындарды ұйымдастыруда бастамашылық танытады, ойын ережелерін сақтайды, ептілік, шапшаңдық, төзімділік танытады

1 сыныпқа барғанға дейін ҚҰЗЫРЕТТІЛІКТІ АРТТЫРУ

КОММУНИКАТИВТІК ДАҒДЫЛАР



СӨЙЛЕУДІ ДАМУ, САУАТ АШУ



- ✓ Есту арқылы қабылдау және ересектерді түсіну, дұрыс айтуға, қарапайым сұрақтарға жауап беруге ұмтылу дағдыларына ие

- ✓ Ересектердің айтқанын түсінеді, қарапайым сұрақтарға жауап береді, өз пікірін айтады
- ✓ Дауысты және дауыссыз дыбыстарды дұрыс айтады


- ✓ Ересектердің айтқанын түсінеді, күрделі сұрақтарға жауап береді, өз пікірін айтады
- ✓ Дауысты және дауыссыз дыбыстарды анық айтады
- ✓ Шығармалардың мазмұнын тыңдай отырып қабылдайды және түсінеді;
- ✓ Қазақ тіліндегі дыбыстар мен сөздерді айтады

- ✓ Ана тілінің дыбыстарын дұрыс айтады
- ✓ Сөйлеу тілінде қарапайым және күрделі сөйлемдерді қолданады, түсінікті сұрақтарды қоя біледі
- ✓ Иллюстрация бойынша таныс шығармалардың мазмұнын айтады
- ✓ Дыбыстар мен сөздерді дұрыс айтады
- ✓ Қазақ тіліндегі сөздік қоры мол

- ✓ Сөздегі дыбыстарды дұрыс айтады, сөйлеу тілінде қарапайым және күрделі сөйлемдерді қолданады
- ✓ Әңгіме құрастырады, мәтіннің мазмұнын айтады, өлеңдерді жатқа айтады
- ✓ Сөздерге дыбыстық талдау жүргізеді
- ✓ Қағаз бетінде бағдарланады, қолды жазуға дайындайды
- ✓ Қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрыс айтады
- ✓ Сұрақтарға толық және дұрыс жауап береді

1 сыныпқа барғанға дейін ҚҰЗЫРЕТТІЛІКТІ АРТТЫРУ

ТАНЫМДЫҚ ЖӘНЕ ЗИЯТКЕРЛІК
ДАҒДЫЛАР



МАТЕМАТИКА НЕГІЗДЕРІ



- ✓ Заттармен әртүрлі әрекеттерді орындайды (ашу, жабу, өткізу, шығару, домалату, қадау)
- ✓ Бірдей заттарды көлемі мен пішіні бойынша топтастырады

- ✓ Ересектердің ауызша нұсқауы мен үлгі бойынша тапсырмаларды орындайды
- ✓ Заттардың негізгі түстерін, пішінін, көлемін ажыратады
- ✓ Дөңгелек және сопақша пішінге ұқсас заттардың суретін салады


- ✓ «Бір», «көп» ұғымдарын ажыратады
- ✓ Қоршаған ортада бір немесе бірнеше бірдей заттарды іздейді
- ✓ Салыстыру (беттестіру қатар қою) әдісімен заттарға айырмашылықтарды біледі және атайды

- ✓ 5-ке дейін тура және кері санай біледі
- ✓ Ұзындығы мен ені, биіктігі мен қалыңдығы бойынша екі түрлі және бірдей затты салыстырады
- ✓ Геометриялық фигураларды және денелерді ажыратады, атайды
- ✓ Заттарға тән белгілер мен ерекшеліктерді атайды

- ✓ 10-ға дейін тура және кері санай біледі
- ✓ Заттарды түрлі белгілері бойынша (түсі, пішіні, көлемі, саны, материалы) салыстырады
- ✓ Уақытты, кеңістікті, жазықтықты бағдарлайды
- ✓ Геометриялық фигуралар мен денелерді біледі
- ✓ Логикалық тапсырмаларын орындайды
- ✓ Қойылған міндеттерді шешу жолдарын біледі

1 сыныпқа барғанға дейін құзыреттілікті арттыру

Әлеуметтік-эмоционалды дағдылар



ҚОРШАҒАН ОРТАМЕН ТАНЫСТЫРУ



- ✓ Фотосуреттерде өзін таниды, жауап береді
- ✓ Күлімсіреді, басын изейді, өзіне жақын ересек адамдарына қол бұлғайды
- ✓ Қоршаған ортаға қызығушылық танытады

- ✓ Атын атағанда жауап береді, өзін айнадан және фотосуреттерден таниды
- ✓ Ата-анасын және өзіне жақын ересек адамдарды таниды
- ✓ Қоршаған ортадағы заттарды атайды


- ✓ Отбасы мүшелерін және өзіне жақын адамдардың есімдерін атайды
- ✓ Сюжетті-рөлдік ойындарда отбасы мүшелерінің рөлін ойнайды
- ✓ Ойнау үшін қоршаған ортадағы заттарды пайдаланады

- ✓ Отбасындағы сүйікті адамдар, обасылық мерекелер мен дәстүрлер, туыстық қатынастар жөнінде әңгімелейді
- ✓ Елді, тұрғылықты мекен-жайын біледі және атайды
- ✓ Тапсырманы жауапкершілікпен орындауға тырысады
- ✓ Ересек адамдардың мамандықтарына, отбасы мүшелерінің жұмысына қызығушылық танытады және біледі

- ✓ Отан, Мемлекеттік рәміздер, мерекелер, ұлттық дәстүрлер мен әдет-ғұрыптар туралы біледі, патриоттық сезімдерін білдіреді
- ✓ Үлкен және ересек адамдардың еңбегін құрметтейді, кішілерге қамқорлық жасайды
- ✓ Жыл мезгілдерін, табиғат құбылыстарын, жануарлар мен өсімдіктерді біледі, туған өлкенің табиғатына қамқорлық көрсетеді
- ✓ Ұжымдық қызмет түрлеріне қатысады, тапсырмаларды орындайды, жұмыс нәтижелерін бағалайды

1 сыныпқа барғанға дейін құзыреттілікті арттыру

ҚАУІПСІЗ ӨМІР СҮРУ ДАҒДЫЛАРЫ



Қауіпсіздік негіздері

